

Келісемін,  
Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Ойыл ауданының білім  
бөлімінің бастығы:

С. Меруєнов  
« 02 » 2022 ж



Бекітемін:  
Қарасу негізгі мектебінің директоры  
*Ш. Аманғалиева* Л. Аманғалиева  
« 31 » 08 2022 ж



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ  
«Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
2022-2023 оқу жылындағы оқу жоспары**

### Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында «Қарасу негізгі мектебі» КММ контингент 1-9-сыныптарында 6 класс жиынтығында – оқушы, ал мектепалды даярлық сыныптарында 1 сынып жиынтығында – оқушы білім алады.

### 2022-2023 оқу жылында

**«Қарасу негізгі мектебі» КММ оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.**

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

✓ "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына сәйкес бекітілген 1,6 қосымша;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

✓ «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

✓ «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

✓ «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы; – «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;

✓ 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

✓ 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657

болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

✓ 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

### **Мектепалды даярлық сыныбы;**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы (бұдан әрі – Заң) 30-бап). Перспективалық жоспар – әрбір айға білім беру ұйымының кестесіне сәйкес Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша тәрбиешімен, денешынықтыру нұсқаушысымен, қазақ тілі мұғалімі және музыка жетекшісімен құрылады. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыбы мен Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

### **Бастауыш білім беру**

2022-2023 оқу жылында 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, 2-4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10 балға дейін (қалыптастырушы бағалау) бағаланады. Білім алушыларды қалыптастырушы бағалау нәтижелері электрондық/қағаз журналға қойылады.

2022-2023 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.

2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

### **Негізгі орта білім беру**

5-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақ тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5,6,7-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады. Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру

мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 0,5 сағат) курсына:

✓ 5-8-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы -аптасына 0,5 сағат;

✓ 9-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы -аптасына 1 сағат

**Курстың мақсаты:** Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

**1,2-3,4-сыныптарда** Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың есептерді әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға қалыптастыруға жағдай жасау. Көрнекі-бейнелі, логикалық және абстрактылы ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз қалыптастыру мақсатында **1,4 сыныптарға «Математика және логика»** және **2-3 сыныпқа «Шахмат»** 1 сағаттан белсенді-қозғалмалы сипаттағы топтық сабақтарға берілді.

Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында 5-8-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы -аптасына 0,5 сағат; 9-сыныпқа «Жаһандық құзыреттілік» курсы -аптасына 1 сағат

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу жоспары**

№ р/с	Ұйымдастырылған іс- әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар )	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Кұрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

№ р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Мектепалды топтары	
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым – қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым – қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зеттеу іс-әрекет	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым – қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «12» тамыздағы №125 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына  
1-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған  
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпыжүктеме, сағат	
		1	2	Біріккен	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттықкомпонент</b>								
	Тіл және әдебиет	6	9	2	9	11	37	1326
1	Әліппе, Ана тілі	6	-				6	210
2	Қазақ тілі	-	4		4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3		3	3	9	324
4	Орыс тілі	-	2		2	2	6	216
5	Шетел тілі	-		2		2	4	144
	Математика және информатика	4,5	4	1	5	6	21,5	733,5
6	Математика	4	4		5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5		1		1	2,5	89,5
	Жаратылыстану	1		1	1	2	5	179
8	Жаратылыстану	1		1	1	2	5	179
	Адам және қоғам	1		1		1	3	107
9	Дүниетану	1		1		1	3	107
	Технология және өнер	3		1		2	7	249
10	Музыка	1		1		1	3	107
11	Көркем еңбек			1		1	2	72
12	Еңбекке баулу	1					1	35
13	Бейнелеу өнері	1					1	35
	Денешынықтыру	3		3		3	9	321
14	Денешынықтыру	3		3		3	9	321
	<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>	<b>18,5</b>	<b>13</b>	<b>10</b>	<b>15</b>	<b>25</b>	<b>91,5</b>	<b>3275,5</b>
<b>Вариативтік компонент</b>								
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1		1		1	3	107
	Математика және логика	1				1	2	71
	Шахмат сабақтары			1			1	36
	<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>	<b>19,5</b>	<b>24</b>		<b>26</b>	<b>26</b>	<b>95,5</b>	<b>3418,5</b>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «12» тамыздағы №125 бұйрығына 6-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің  
Үлгілік оқу жоспары**

№	Білімсалаларыжәне оқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағатсаны							Жалпыжүктеме, сағат	
		5	Біріккен	6	7	Біріккен	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>										
	Тіл және әдебиет	5	6	5	5	6	5	11	43	1548
1	Қазақ тілі	3		3	3		2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2		2		2	1	3	10	360
3	Орыс тілі мен әдебиеті		3			3		3	9	324
4	Шетел тілі		3		2	1	2	3	11	396
	Математика және информатика	5	1	5	3	3	3	6	26	936
5	Математика	5		5	-		-	-	10	360
6	Алгебра	-		-	3		3	3	9	324
7	Геометрия	-		-		2		2	4	144
8	Информатика		1			1		1	3	108
	Жаратылыстану	2		2	7		8	8	27	972
9	Жаратылыстану	2		2	-		-	-	4	144
10	Физика	-		-	2		2	2	6	216
11	Химия	-		-	1		2	2	5	180
12	Биология	-		-	2		2	2	6	216
13	География	-		-	2		2	2	6	216
	Адам және қоғам		3		2	1	2	4	12	432
14	Қазақстан тарихы		2		2		2	2	8	288
15	Дүние жүзі тарихы		1			1		1	3	108
16	Құқық негіздері	-		-	-		-	1	1	36
	Технология және өнер		3			1		1	5	180
17	Музыка		1		-	-	-	-	1	36
18	Көркем еңбек		2			1		1	4	144
	Дене шынықтыру		3			3		3	9	324
19	Дене шынықтыру		3			3		3	9	324
Инварианттық оқу жүктемесі		28		28	31		32	33	122	4392
<b>Вариативтік компонент</b>										
Элективті курстар		-			-		-	-	-	
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5		0,5	0,5		0,5	1	3	108
<b>Жаһандыққұзыреттілік</b>		0,5		0,5	0,5		0,5	1	3	108
Ең жоғары оқу жүктемесі		28,5		28,5	31,5		32,5	34	155	5580
		14,5	14	14,5	15,5	16	16,5			



2022-2023 оқу жылында Қарасу негізгі мектебінде вариативтік компонент  
есебінен алынған курстардың тізімі

№	Вариативті компонент атауы	Сыныбы	Пән мұғалімі	Негіздемесі
1	«Математика және логика»	1	Жолшина Б.С	31.08.2022 ж №1 хаттама
2	«Шахмат»	2-3	Нұрғалиева А.Ж	31.08.2022 ж №1 хаттама
3	«Математика және логика»	4	Нығметова Л.А	31.08.2022 ж №1 хаттама
4	«Жаһандық құзыреттілік»	5	Нұрғалиева А.Ж	31.08.2022 ж №1 хаттама
5	«Жаһандық құзыреттілік»	6	Нұрғалиева А.Ж	31.08.2022 ж №1 хаттама
6	«Жаһандық құзыреттілік»	7	Нұрғалиева А.Ж	31.08.2022 ж №1 хаттама
7	«Жаһандық құзыреттілік»	8	Нұрғалиева А.Ж	31.08.2022 ж №1 хаттама
8	«Жаһандық құзыреттілік»	9	Наубетов М.С	31.08.2022 ж №1 хаттама

Мектеп директоры:  Л.Ж.Аманғалиева



1000

Барлығы: 5 (сез) бет

Номерленіп, шнурланды

Мектеп директоры: *Миссия* Д. Ж. Амангалиева



№	Аты	Саны	Қолданушы
1	...	...	...
2	...	...	...
3	...	...	...
4	...	...	...
5	...	...	...
6	...	...	...
7	...	...	...
8	...	...	...
9	...	...	...
10	...	...	...